

МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ТЕОРИЯСЫ МЕН ТАРИХЫ
ТЕОРИЯ И ИСТОРИЯ ГОСУДАРСТВА И ПРАВА
THEORY AND HISTORY OF STATE AND LAW

ӘОЖ 34 (574)

Г.С. Рысжанова, Ғ.З. Қожахметов

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қазақстан
(E-mail: G.S.Ryszhanova@mail.ru)*

Қазақтың билер соты – қазіргі сот жүйесінің бастауы

Мақалада бүгінгі болашағымыздың жарқын және кемелді болуына ата-бабаларымыздың сіңірген еңбегінің көрінісімен қатар, қазақ қоғамының қалыптасып, дамып және өркендеуіне айтарлықтай үлес қосқан атақты беделді тұлғаларымыздың зерделеуін саралау және өз бағытын дамыту болып табылады. Қазақ мемлекетінің тарихында ел басқару ісіндегі билер жүйесі, оның мәдениеті, әдеп-тәртібі, өнегесі ерекше құбылыс болғаны анық. Ертеден қалыптасқан бұл жүйе Ұлы далада биік шыңға көтерілді. Білімдер синтезіндегі құбылыс ретінде билер жүйесі халықтың қалыптасуына, ой санасына, тіршілігіне, әлеуметіне және мәдениетінің өсуіне зор ықпал етті. Сонымен қатар «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ», «Ханда қырық кісінің ақылы болса, биде қырық кісінің ары бар» деген бабаларымыздан қалған ұлы сөз бар. Қазақ қоғамындағы белгілі бір тектілік қасиеттерді ұстанған турашыл би-шешендеріміздің «қара қылды қақ жарған» әділ шешімдерінің ел, ру арасында орындауға міндетті шарт болып табылған. Ұлтымыздың би-шешендік өнеріндегі – ұлттық мүдде, ол Мәңгілік Ел болып дамуымыздың жолында төбе билеріміздің әділ төрелігін дөп басып айту маңызды.

Кілт сөздер: би, Төбе би, шешен, алтын ғасыр, «Жеті жарғы», «Дала заңы», билер соты, ереже, шешім.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің ресми баяндамаларының бірінде ежелгі қазақ билерін — соттарды «мүлтіксіз әділ, от ауызды, орақ тілді шешендер», дала өлкесінде әділ соттың «Алтын ғасыры» жаңғырығына жол ашқан ұлы тұлғалары деп, Төле, Қазыбек және Әйтеке билеріміз жайлы айтқан болатын. Сонымен қатар «барша қазақ баласы аттарын ардақтап, есімдерін ұлағаттаған осы үш бабамыздың ел алдындағы еңбегіне, халық қамын жеген қасиетті ісіне сөз жеткізіп, баға беру қиынақ... Үш данагөйдің өнегелі өмірі, ел қамын жеген адал еңбегі, топ бастаған көсемдігі, от ауызды, орақ тілді шешендігі, мүлтіксіз әділдігі жөніндегі айтар әңгіме аз емес» деген тұжырымдары да бар [1].

Сот билігін қазақ даласында билердің жүзеге асырғандығы белгілі. Ендігі кезекте «би» ұғымына түсінік берейік: «Би сайланатын қызмет түрі ғана емес. Ел ақсақалдарының өзара келісімі мен шешімі бойынша ұйғарымы, елдің салт-дәстүрін білетін, шежіреден хабары бар, аузы дуалы, шаруасы түзу, ата-тегі белгілі және елге беделді, сыйлы адам би болады. Би жас ерекшелігіне бағынбайтын қызмет. Дәл тауып айтқанын ел қабылдаса, жас бала да елге билік айтып, даудың шешімін шығарады. Атақты Қаздауысты Қазыбек бидің тағлымы бұған дәлел болады. Би атадан балаға қалатын мұра емес, әркім өз жігерімен, білімімен, зердесімен жететін абыройлы атақ. Әр рудың-тайпаның текті аталары өзара қыз алу, қыз беру арқылы атадан балаға жақсы қасиеттерді жинақтады және би, яғни, көсемдік қызметін жүргізуге дайындықтан өтеді. Сонымен қатар би-шешен, тілді, тоқсан ауыз сөздің тобықтай мәнін табатын, айтқан сөзінің салмағы қорғасындай болуы шарт. Басымшылық қызметке ұмтылған азаматтар міндетті түрде жасы келген билерге атқосшы болып тәжірибеден өтеді, шежіренің білгірлерінен сабақ алады. Қазақ шежіресін, ру құрлымын, олардың арасындағы жолды, туысқандықты терең айыратын жан. Билердің дауды шешу тәсілдері де, ең алдымен, екі арадағы туыстық қарым-қатынасты анықтаудан басталады, себебі бидің негізгі міндеті — екі жақты

татуластырып жіберу. Әрбір би әділ шешімдерінің өз ортасына ғана емес, дүйім жұртқа жайылғанын қалаған. Осындай мәртебе арқылы ел сеніміне ие болып, үмітін ақтау үшін аянбай қызмет ету», — деп жазады отандық құқықтану ғұламасы С.З.Зиманов [2; 2].

Би — қазақ қоғамында ердің құны, нардың пұлы болса да, екі ауыз сөзбен шешетін адам. Би — өз өмірінде өз басына дау келтірмеуі шарт, елге күмән, күмәнді сөзге себеп бермеуі шарт: «Би басына дау келсе, билігі кетер басынан» деген ұлы сөз де қалған [3; 90].

Би, ең алдымен, — сот (төрелік етуші). Бидің өзі де, билігі де тұптамыры халықтың тарихына байланысты. Сол себепті би халық алдында беделді, ұлт алдында тұғырлы қалпында болды. Ал хан билігін көпшілік бұқара әкім билігі деп таныды. Қазақтың мәдениет қайраткерлерінің бірі жазғандай: «Мықты билер тілін алмаған хандарды бір кезде тақтарынан алып тастап отырған» [4; 265].

Қазақ даласында би болу оңайлыққа түспеген. Оған күрделі талаптар қойылды. Тек «Құдайдың сүйген құлдары ғана» би бола алады. Би боламын деген адам тек жеке қасиеттерімен танылып қана қоймай, бірқатар сатылардан тұратын сыннан сүрінбей өтуі керек болған. Далада әділеттің ақ туын желбіретер биге табиғат берген қасиеттерден басқа шешендік, сөзуарлық, ақыл-парасат, қызыл тілде ешкімге дес бермеу және де «Қасым ханның қасқа жолында», «Есім ханның ескі жолында», «Әз Тәукенің «Жеті жарғысында» көрініс тапқан «Дала заңының» негізгі қағидалары мен нормаларын жатқа білуі, өзіне дейінгі атақты билердің үлгілі сөзінен нәр алу секілді негізгі талаптар қойылатын. Әрине, билік шеңбері жағынан билердің елдегі беделі мен ықпалы бірдей болған жоқ: шағын ауыл, шағын ру бірлестігінен бастап жүзге, ұлысқа, тіпті бүкіл қазақ еліне төрелік айтқан билер болған.

Баласының табиғи дарынын байқаған ата-анасы оған би болу жолында дұрыс бағыт-бағдар да, тәрбие беруге тырысқан. Ең алдымен, отбасында оған қазақтың айшықты сөз өнерін, әдеттік-құқықтық дәстүрлері мен ережелерін үйреткен, логикалық мәселелерді шешуді, яғни соттық қызмет барысында кездесетін сан қилы өмірлік мәселенің түпкі негізін табуды үйренуіне көмектескен, қисынды сөзбен байланысқан жұмбақ сөздің астарын табуға баулыған. Бұл қызметті ата-анасы үйреткен, ауылына белгілі, танымал, көпті көрген, өзінің білген-түйгені мен өмірлік тәжірибесі бар ауыл ақсақалдарынан тәлім алған. Мұндай жас жеткіншектің ерте бастан белгілі билердің алдын көріп, оларға атқосшылыққа жүріп, «далалық» сот ісін жүргізудің қыр-сырын жас күнінен бастап игеруі өте маңызды шарт болып есептелген. Ұстаз рөліндегі бұл билер шәкіртіне кейде билер сотында қаралатын істер бойынша шығаруға қатысты шешімге өзінің көзқарасын нақты білдіру мүмкіншілігін беріп, оның қабілетін сынап отырған. Кейініректе қазақ халқының ұлы ақыны әрі Орта жүздің ғана емес, бүкіл қазақтың «Төбе биі» атанған Абайдың әкесі Құнанбай да осы ескі жолдан таймаған. Құнанбай баласын 6 жасынан бастап Қазақ даласындағы атақты Қоянды жәрмеңкесіне алып баратын. Оның әкімшілік орталығы — Қарқаралыда билердің, ақсақалдардың, шешендердің қатысуымен соттар, жиналыстар болып тұратын. Тобықты руының өзінде де тәжірибесі мол ақсақалдар көп болған. Абай солардың мектебінен тәлім алған. Зерттеушілердің айтуынша, 13 жасында Абай өзінің соттық шешімдерін шығара бастаған. Абай өмірін зерттеуші М.Әуезов бұл туралы былай деп жазған еді: «Руаралық күрестің дем берушілерінің арасында жүріп табиғатынан дарынды Абай қаруы — шешендік, ақыл-парасат болған сөз сайысын жүргізудің сан қилы тәсілдерін жіті меңгереді. Даулар патша сотында емес, ғасырлар бойы қалыптасқан қазақ әдет-ғұрып құқығы негізінде шешілгендіктен, Абай қазақтың халықтық сөз өнерінің інжу-маржандарын жетік білуі қажет еді» [5]. Зерттеушілердің мәліметтері бойынша, Әйтеке би де (1681–1766) дәл осындай жолдан өткен. Оған «оның ерекше талантына қауым мен ауыл ақсақалдары 5-6 жасында көңіл бөлген» [6]. «Болар бала жасынан» дегендей, Орта жүзден шыққан атақты Шорман 13 жасында, кейініректе Сырдария (Кіші жүз) алқабындағы азаттық қозғалысты бастаған Есет (Көтібардың баласы) 20 жасында атақты би болады. Толыққанды би атану үшін жеке қасиеттері мен «Дала заңының» ережелерін білгеннен бөлек, «жетілгендік» белгісі деп аталатын екі жоғарғы сыннан өту қажет болды. Біріншіден, ол атақты билер мен ойшылдардың «философиялық» сұрақтарына жауап беріп, өзінің ақыл-парасаты мен таным логикасының жеткілікті дәрежеде дамығандығын дәлелдеуі қажет болды. Екіншіден, абыз ақсақалдардың батасын алуы керек. Сондықтан халық: «Батамен ер көгерер, жауынмен жер көгерер» деген. Неғұрлым мықты би боламын деген адам, соғұрлым атақты да шешен бидің батасын алуға тырысқан.

Қазақ құқығы өз бастауын XIII ғасырда өмір сүрген, қазақтың көне «үйсін» руынан шыққан, Шыңғысханның (1155–1227) «Орда биі» атанған Майқы биден алатындығы шындық. Сондықтан «Түгел сөздің түбі — бір, түп атасы — Майқы би» деген даналық сөз қалған. Қазақ құқығының

жүйеленген қайнар көзі болып «Қасым ханның қасқа жолы» (Қасым хан билігі (1511–1523)), «Есім ханның ескі жолы» (Есім хан билігі (1598–1628)) және Тәуке ханның «Жеті жарғы» атты ережелер жинағы есептеледі. Билердің және билер сотының құқық байлығына тек дәстүрлі «хан жарлықтары» ғана жатпайды. Сонымен қатар атақты билердің жалпы жұртқа кең тараған бітім, шешім, жүгініс үлгілері де жатады. Мұндай жолдан «билер атасы» атанған атақты Төле би де (1663–1756) өткен. Төленің әкесі Әлібек сол рудағы ең атақты би болған. Әкесі оны «Дала заңдарының» қыр-сырын меңгерсін деп даулы істерді шешуге бірге алып жүретін. Төле 9 жасынан соттық істерге араласа бастады. Ал 15 жасында атақты би болды. Ол кезінде 90 жастағы дана қария Жетес бидің, жүз жастағы атақты Әнет бабаның батасын алды. Халық жадында бұл жағдай былай сипатталады.

«Әнет баба бір бума солқылдақ шыбық алдырады: «Балам, мынаны сындырып көрші», — дейді. Төле буылған шыбықты олай-бұлай иіп, сындыра алмайды. «Енді сол бума шыбықты біртіндеп сындыршы», — дейді Әнет баба. Төле оп-оңай сындырады. Әнет баба: «Бұдан не түсіндің, балам?» — деп сұрайды. Төле: «Түсіндім, баба. Ынтымақты, бірлігі мықты елді жау да ала алмайды. Саяқ жүрген, таяқ жейді» дегенді білдіреді», — деп жауап беріпті. Сонда Әнет баба: «Бәрекелді, балам, дұрыс таптың. Ел билеу үшін елді ауыз бірлікке, ынтымаққа шақыра біл. «Бақ, қайда барасың? — «Ынтымаққа барамын» дегеннің мәнісі осы», — деп оң батасын беріпті». Төле би бабамыздың ру ақсақалынан алған тағы бір батасында: «Үй баласы ма деп едім, ел баласы екенсің. Ауылыңның таңы бол, маңдайдағы бағы бол», — деген еді.

Қазақ даласының атақты биіне айналған Әйтекенің де Кіші жүздің атақты данагөйі Қосуак бидің өзінен бата алғандығы туралы аңыз бар. Ол: «Кәрі тозады, жас озады. Ендігі жерде үйде де, түзде де билік тізгінін өзің ұста!» — деп бата берген екен.

Әлі қоғамның мойындауына ие болмаған, би болам деуші адамды да сынау әртүрлі себептерге сай жүргізілген: жас күнінде оның қабілетінің бар-жоғын тексеру үшін, есейген шағында бидің дарындылығының деңгейін тексеру үшін, ел аузына ілініп жүрген билер де басқа ру-тайпа арасында «сенімділік» сынағынан өткен. Топ алдында, билер айтысында не ел төре-әкімі алдында өзін көрсете білу әдеті қолданылған. Мәселен, Үргеніштің (Шығыс Түркістан) ханы атағы шыққан Сырым бимен кездескенде оған төрт сұрақ қояды: «Дау мұраты не? Сауда мұраты не? Қыз мұраты не? Жол мұраты не?» Сырым бидің жауабы: «Дау мұраты — біту, сауда мұраты — ұту, қыз мұраты — кету, жол мұраты — жету» дегенде, хан ұшып тұрып, құшақтап, қонағын күтіп, қонақасын беріп, ат мінгізіп шығарып салыпты делінген тарих жазбаларында.

Бүгінгі Қазақстанда «билер соты», «сот билігі» деген атаулар мен ұғымдар сот жүйесінде әділдік, кәсібилік үлгісіне лайықты еліктеу ретінде ресми түрде қолданылады. Республикада аса күрделі қылмыстық істерді қарауда әділдікті ең жоғары деңгейде қамтамасыз ету идеясымен енгізілген сот алқасы «Билер алқасы» деп атала бастады.

Сол билер әділ соты үстем болған арада талай ғасырлар өткеніне, қоғамдық-саяси өмірде түбегейлі өзгерістердің болғандығына қарамай, бүгінгі тәуелсіз Қазақстан Республиканың сот жүйелеріне билер әділ сот үлгілерін, номинациясын кең түрде енгізу және сот шешімдерінің халыққа түсінікті тілде жеткізілуі төңірегінде сот жүйесінің дамуына ықпал етуші лауазымды тұлғалар қазіргі қоғамның судьяларынан талап етуде. Қазақ қоғамының бүкіл құқықтық әлемінде негізгі билік «Дала заңының» болып табылған. Осы аталған билікті қолдаушы реформаторы және дамытушы күші билер еді. Ең маңыздысы, билер ел өміріндегі тарихта алатын орнының құндылығына сай, оның бүгінгі қазақ мемлекетін құқықтық-демократияландыру саясатында маңызды, мемлекетке қажетті құнды ойлардың дамуы қоғам талабы болып отыр.

Бидің нормативтік-құқықтық білімі мен оның ойлау үрдісінің ерекшелігі қашан да бірінші саптағы өлшемі болған. Егер соттық және сотқа дейінгі процестердің сайысушылығы, ашық, жария сипатын ескерсек, онда олардың зор мәнінің болғанын еске түсіреді. Әрине, таным біртіндеп келеді және өмірлік тәжірибе барысында жылдар бойы жиналады. Бірақ би болам деген адамда өзіндік өнерінің жас кезінен бастап-ақ байқалуы қажет. Қоғамның қазіргі және болашақтағы билерге қоятын талабы осындай болды. Билердің ешқайсысы, тіпті есейген шағында да мұндай кездейсоқ сынақтан тыс қаламын деп ойламаған.

Қазақтың әдеттік-құқықтық жүйесі тарих бойы қалыптасқанын, оның әр түрлі ғасырлар үні мен үндестігін баса айтпаса болмайды. Бір жағынан алғанда, оның консервативтік сипаты, екінші жағынан, көшпелі өркениет деңгейінде әркез қозғалыста, дамуда болуы қажет екендігі сезіледі. Осындай өзгерісті қозғалыс барысында би қазақтың құқықтық дәстүрлерінің басты қазынасы ретінде көрініс тапқан. Бұл оның кәсіптік қызметінің міндетті қыры болып табылады. Сонымен қатар би —

Ұлы дала құқығын еркін талқылаушы, әрі оның нормаларын қоғам өзгеруіне сай қолданушы, — деп көрсеткен өз зерттеуінде заңғар тұлға Салық Зиманұлы.

Қазақтың дәстүрлі құқығындағы билер сотының және ел тұтастығы үшін билердің атқарған қызметі орасан зор. Бір сөзбен айтқанда, бұрынғы билер бүгінгі мемлекеттік биліктің функционалдық қызметтерін толықтай атқарып келді десек, қате айтқандық емес. Олар атқарушылық, заң шығарушылық, билік айтып ел басқару қызметтерінің барлық түрлеріне араласты. Сонымен қатар мемлекеттің ұлттық идеологиясы мен ел бірлігі, әлеуметтік тұрмыс жағдайы туралы даналық ойлар айтып, ел болашағын күнілгері болжауда, оған қажет қандай келелі істерді ынтымақтасып істеудің сара жолын дидактикалық нақыл сөздерімен халыққа түзу бағыт беріп отырды. Билер институты қазақ халқының өмірінде зор рөл атқарды. Олар аса қиын, күрделі дауларды ой қисынына жүгініп екі тарапты да өкпелетпейтіндей етіп асқан шеберлікпен шешіп отырғанын дәлелдейтін ел арасында сақталған аңыз әңгімелер аз емес. Билер тек қисынды ой мен ата дәстүрдің халық мойындаған құндылықтарына ғана емес, сол замандағы ірі саяси тұлғалардың басшылығымен жасалған заңдарға да сүйенді.

Би — көшпелі қазақ қоғамындағы маңызды да мәнді тұлға. Билер қауымы бұқараның көреген, көсем, білгір де билікті бөлігі еді. Ел дәріптеген жан қуаттары мен материалдық қасиеттердің барлығы осы билерге, олардың қызметтеріне негізделген. Ал қоғамдағы дәстүрлі тұрмыс пен күнделікті тірлік шеңберіне сыймайтын жат қылықтар мен жағымсыз әрекеттер белең ала бастаса, билердің бей-берекетсіздігі мен берекесіз қызметі деп есептелетін. Би орны мен рөлін, мәртебесін айқындайтын және олардың табиғи заңдылықтай болып кеткен тәртіп нормативтерін реттейтін нормалар жүйесі белгіленген. Әдетте, бұл заңдылықтар тілге жеңіл, еске оңай сақталатын, ұйқас түрінде кездеседі. Мәселен:

- «Елге бай құт емес, би — құт».
- «Туғанына бұрғаны — биді құдай ұрғаны».
- «Ердің құнын екі ауыз сөзбен бітірер би».
- «Өнер алды — қызыл тіл».
- «Тіл жүйрік емес, билікте шын жүйрік».
- «Ханда қырық кісінің ақылы болса, биде қырық кісінің ары бар».

Ортағасырлық көшпелі қазақтардың қоғамдық өміріндегі рухани құндылықтардың даму үрдісі, басқа салалармен салыстырғанда, біршама ілгері, әрі қастерлі еді. Орта Азияның құнарлы да шұрайлы жерлерін мекендеу барысында дала демократиясының өзіне ғана тән ерекшеліктері мен «адам тану» мәдениеті және тұрмыс қамында осындай салт-сана қалыптасты. Әсіресе сөз құдіреті мен әділет күші аса жоғары бағаланатын. Осы құндылықтардың арқасында мейлі қара халық, ру-тайпа немесе хан-сұлтанның басқосуы болсын, әйтеуір барлық жерде бар ойын ашық айтуға құқық беретін сөз бостандығы бар болатын. Мұны әлі күнге дейін өз өктемдігін жоймаған «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» деген киелі сөз дәлелдейді. Сондықтан аталы сөзді аттамай, аталы сөзге тоқтаған адамдарды ел сыйлаған. Ар-намыс пен сөз бостандығы бақ-дәулетпен өлшенбейтін рухани қасиеттер еді. Бұл түсініктер қазақ бойына ана сүтімен берілетін. Мұны: «Малым — жанымның садағасы, жаным — арымның садағасы», — деп айшықтаған. Ал ел ішіндегі елеулі тұлға болып танылатын би-шешендер осы қағиданы мықтап ұстанса, беделдері биіктей түсетін. Міне, осыған сәйкес билерге қойылатын талаптардың да түр-сипаты, «қаталдығы» да өзгеріп отырған. Халықтың сана-сезімінде би ақиқаттың ақ туын көтеруші ретінде сипатталады. Оған дәлел ретінде билердің мына кәсіптік ұрандарын келтіреді: «Шыннан өзге құдай жоқ». Билердің негізгі ісіне айналған бұл ұрандар адам үшін оның ар-ожданы мен намысын, адамгершілігін, әділдік тұрғыдан қорғауды ең жоғарғы қадір-қасиет деп санаған. Бұл моральдік құндылықтар әділ сот мәселесіне тікелей қатысты. «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ», — деген нақты ережеден көрініс табады.

Тәуке ханның тұсындағы билермен қаралатын немесе «кеңес», «жүгініс» сияқты билердің басы қосылған ортаға түсетін мәселелерді объектісіне қарай, келесі топтарға бөлуге болады: адамның жеке басына қарсы, рулы елге қарсы, қалыптасқан қоғамдық тәртіпке қарсы, қабылданған дінге қарсы істер.

Даулы істің ауыр-жеңіліне қарай билік айту бірнеше жағдайда іске асырылады:

– Іс өлімге, ел тонау, зорлық, тағы басқа руаралық ауыр қылмысқа байланысты болса, оны сегізден жиырма төртке дейінгі аралықтағы билер жиналатын Кеңес қарайды. Төбе биді даугер мен жауапкер жақ өзара келісіп таңдайды. Төбе би, өз таңдауы бойынша, алдын ала қатысты пікірі

ескеріледі. Бұл жарыспалылық, жариялылық, судьяға қарсылық білдіру тәрізді қазіргі кезеңдегі қылмыстық іс жүргізу қағидаларының бастауы десек, жаңылмаймыз. Яғни көшпенді қазақ қоғамының қойнауында заманауи құқық қағидалары қалыптасып, әрекет еткен.

– Іс үлкен ұрлық, тонау, жесір дауы, денеге зақым келтіру сияқты ру ішіндегі немесе көрші рулармен арадағы қылмыспен байланысты болса, оны алты-сегіз биден тұратын жүгініс шешеді. Бұнда да Төбе биді тараптар келісіп тағайындайды. Жүгініс мүшелерін төбе би шақырады.

Егер ата-баласының, ру ішінің арасындағы (төбелес, ұрыс-керіс, ұсақ ұрлық және т.б.) дау болса, бір бидің немесе ақсақалдың өзі де шешеді. Бидің ынтасына қарай көрші-қолаң, ақсақалдар бұл шешімге қатыса береді.

Жүгініске отырмай тұрып би екі жақтың жақсыларына, не даугер мен жауапкердің өзіне өзара келісімге келу жөнінде ұсыныс айтуға хақылы. Қазіргі кезеңде бұл ереже біз медиация институты ретінде жаңарып кірді десек болады:

– егер екі жақ та биге салса, ол даудың шешімін не өз ақылымен, не жанындағы билермен ақылдаса отырып айтуға тиісті;

– дау бірнеше бидің талқысына түссе, онда орталарынан төбе би сайланады. Даугер мен жауапкерден ұсыныс түспесе, билер өздері сайлайды;

– би шешіміне разы болмаған жақ, екінші жақтың келісімін алып, өзге биге баруға ұсыныс жасауға хақылы. Одан «Үлкен қазанда немесе басқа қазанда қайнасалық» деген сөз қалған;

– екі жақ бірдей биді мойындаса, соның белгісі деп бидің алдына қамшыларын тастайды.

Жалпы билердің істерді қарау үрдісі осындай тәртіппен жүзеге асырылады [7; 256].

Қазақ билерінің қазақ мемлекеттілігінде әділ сот ісін дамытуға және нығайтуға қосқан үлестері өлшеусіз. Олар қазақ халқының салт-дәстүрін, әдеттік құқық жүйесін, шешендік өнері жаңа сапаға көтеріп, заң реттемеген салаларға сот прецедентін енгізу арқылы дауларды шешуде прецеденттік құқықтың негізін қалады. Бұл кейінірек сот билігінің іс қараудағы құқықтық қайнар көзіне ұласып, билер шешімдерінде ХХ ғасырдың басына дейін тиімді қоданылып келгенін атап өткен жөн. Азаматтық, қылмыстық және неке құқығы саласында қазақ билерінің прецедентке айналған шешімдері тіпті осы күні де өзінің құндылығын жойған емес.

Көшпелі қазақ қоғамында «би» және «шешен» бір мағыналы түсініктер ретінде қолданылды. Қазақтар арасында соттық «шешендік», жалпы айтқанда, аса мәнерлі болған жоқ, ол көбінесе дәлелдеу мен сендіру құралы ретінде танылып, дәлелдеушілік күшке ие болды. Көшпелі қоғамда сөз күшінің беделді және абыройлы болғаны соншалықты сөйлеу өнерін кім жақсы меңгерсе, жеміс үнемі соған бұйырған. «Шебер би кісі өлтіру туралы бір ғана қысқа сөйлеумен шешуі мүмкін». «Барлық өнердің ішіндегі ең маңыздысы — бұл сөйлеу мәдениеті» екенін мойындай отырып, сонымен қатар қазақ құқығы өзінің соттық мақсатын құрды: «Тіл қымбат, бірақ сотта шындық қымбат». Қазақ қоғамында «би» атағы мұрагерлік немесе тілек білдірушілікпен берілетін емес, лайықты атақ болды. Билер сайланған да, тағайындалған да жоқ.

Көшпелілердің қоғамдық-саяси тұрмыс-салты мен жадында «адал би — әділ би» деген қағида қазықтай қағылған. Бұл — сот қызметіндегі кез келген би-қазыға қарасты айтылған сөз. Әлеуметтік-тұрмыстық сала қарабайыр, яғни күнделікті күйбең тіршіліктің шеңберінен шыға алмайтын күйде болғандықтан, би-төрелердің бейбіт уақыттағы қызметі жеке тұлғалар арасындағы шатыс-шатпақтан гөрі, қауымдар мен топтар арасындағы дау-дамай, пікірталасты тарқатуға негізделетін. «Адал би — әділ би» — бұл ұран қоғамды басқару ісіндегі басты қағида. Бұл сөзде сот билігінің серкелері би бітім-болмысын бейнеленген. Жалпы көшпенділер сот билігін мемлекеттік биліктің басқа салаларынан бөле-жара қарайды, оны өзіне жақын тартады. Сөйте тұра, оның қоғамдағы орнын, құндылығын асыра бағаламайды. Сот билігінің қызмет ауқымын, қоғамдық мәселелерді шешудегі ішкі мүмкіндігін және қажеттілігін шамалап, оны тиісті шеңберде және деңгейде пайдалануға тырысады.

Осы жерде «көшпелі қазақ қоғамындағы билер соты» деген ұғымды анықтап алған жөн. «Билер соты» ұғымы көшпелі қазақ қоғамын даралап бөліп алып, оны отырықшы және қалалық қауымдардан алшақтату, олармен арадағы байланыстарын жоққа шығару емес, керісінше, көшпелі қазақ қауымдарының өзіндік ерекшеліктерін, құнды-құнды, тіпті әлемдік маңызы бар жетілген құбылыстарын айырып айту мақсатын көздейді. Осындай жете назар аударатын, ерекше бөліп көрсететін құбылыс — ол билер әділ соты. Билер соты үстем болған дәуірдің «сот жүйесінің алтын ғасыры» деп аталуы, оның дүниеге келуі, осындай мәртебеге ие болуы ортаазиялық ұлан-байтақ кеңістікті алып жатқан көшпелі қазақ дала өлкесіне байланысты, оның туындысы. Отырықшы,

мұсылман діні көбірек тараған көрші өңірлер мен елдердің басқару үлгісі, олардың өзіне тән заңдары мен тәртіптері қазақтың көшпелі қоғамының өзіндік дамуы мен ішкі ырғағына айтарлықтай өзгерту әсерін тигізген жоқ, керісінше, белгілі деңгейде оның сақталуына, нығаюына қызмет етті.

Талай айтыс-тартысты талқылап, тиянақты тұжырым жасау, күрделі дау-дамайдың шырмауын ширататын парасат-пайым таныту немесе қорғаушы, әлде айыптаушы ретінде айғақтар келтіріп, асқан шешендігімен өз тарапына жеңіс әкелу немесе би-төреші дәрежесінде даулы жақтарды татуластырып, әділ әрі бейбіт келісімге көндіру адамға асқан абырой-атақ әкелетін ең мәртебелі іс болды. Бірақ билік айтуды армандау оңай болғанымен, би болу қиынның қияметі еді. Көшпелі қазақтар ерекшелігінің сыры осында болатын.

Әр халықтың көп ғасырлық тарихында келесі ұрпақтар бойында мақтаныш сезімін туғызатын оқиғалар, белгілі күндер мен тұлғалар болады. Ұрпақтар осы жайларды естен кетпес елеулі кезең, өткен тарихымыздың рухани байлығы деп еске түсіреді. Ал сирек болса да өркениеттік маңызы, тіпті адамзаттық құндылығы бар жаңа ұрпақтар өміріне бойлай сіңіп, олардың ішкі сезімінде тұрақты орын алған құрылымдар мен мекемелер де кездеседі. Олар қоғам мүшелері ойында болашаққа бағыт және орны бөлек мұра ретінде сақталады. Осындай ұмытылмайтын тарихи құбылыс қазақ өмірінде де болды — ол әділ соттың «Алтын ғасыры» деген атқа ие болған, түрік-қазақтардың көшпелі қоғамы қойнауында қалыптасқан билер соты. Билер соты тұғырынан тайған кезде де халықтың жадында өміршең, сөнбейтін шырақ ретінде сақталды. Сот ғасырлар бойы, қай қоғам болмасын, билік пен ел басқарудың мәні мен сәні болып табылатын. Ең алдымен, сот билігіне қарап, оның халық мүддесі алдындағы адалдығы туралы пікір қалыптасады. Шын мәнінде, мұндай ұғым сот ауыртпалығын көбірек шегетін көпшілік арасында басым болады. Көшпелі қазақ қоғамының тірегі болған билер соты тарих қойнауында қалып қойса да, оның беделі арта түсті, өзгерген өмірге қарамастан, бүгін де көпшілік арасында, оның ішінде қазіргі билік басындағылардың да қайғысы мен қуанышының игілігіне айналды. Бұл теріс ұғым емес — билер әділ сотының жүйесінің қалыптасуын армандаған белес [2; 41].

XIX ғасырда колониалдық әкімшілік араласқанға дейін осылай болды. Тек ізденуші кейде билермен, ақсақалдармен және өзге құрметті адамдармен ажыратылып анықталған, алғашқыда оған қолдау көрсеткен, бірақ осы атаққа лайықты үміткер халық мойындауынан кейін ғана би болған. Әділеттілікті орнықтырушы ретіндегі билерге ұсынылған негізгі талаптар болды: әдет-ғұрып құқығының нормаларын егжей-тегжейлі білу, дала заңының байлығының негіздерін және оның нормаларын меңгеру, әдет-ғұрыптарда бекітілген «Қасым ханның қасқа жолын» атақты билердің прецеденттік қаулыларымен толықтырылған «Есім ханның ескі жолы» бекітілімдерін білу, шыншылдықты және шешендік өнерді меңгеру. Мемлекеттік билікпен санкцияланған әдет-ғұрып, жоғарыда аталған нормалармен көзделініп, құқықтық әдет-ғұрыпқа айналды [8; 101].

Қазақ елінің әр салаға бөлінген мемлекеттік билік орындарына қызмет көрсеткен билердің және дәстүрлі құқықтағы билер сотының атқарған жұмыстары туралы жан-жақты зерттеу – өте қажет нәрсе. Өйткені билер қазақ елінің мемлекеттік билік ісіндегі барлық құқықтық жауапкершілікті көтерген. Яғни, мемлекеттік құқық нормаларының бірлігін, әлеуметтік-саяси, тұрмыстық-мәдени, әсіресе заң орнына жүрген әдет-ғұрып, салт-сана, жол-жора сынды халықтың болмыс-бітіміне қатысты тәртіп пен әдептілікті, кісілік пен имандылықты, ор-ұжданды сақтауда және оны жас ұландарға үйретуде биден артық билік тұтқасын ешкім ұстамаған. Және де қандай қиын жағдайда бидің алдын кесе-көлденендейтін басбұзарлар ешқашан болмаған. Қазақ елі ұлт болып ұйысқан ерте дәуірден-ақ төрт құбыласы тең мемлекет құрып, қол астына қараған ұлыстар мен ру-тайпаларды басқаруда, оны билеуде билердің ақыл-парасатына жүгінген. Ел басқаруда қоғамда туындаған саяси шиеленістерді ақыл-парасатпен бүкпесіз шешіп, бұқара халықты сүттей ұйытып, бірлікте ұстай білді. Ғасырлар бойы қалыптасқан бай дәстүр-салт, жосықты заң ережелері мен даналық ой-толғамдар, қоғамдық қатынастағы құқықтық норманың айнымас қағидасы болды.

Қазақ хандығын қалыптастыру мен нығайтудағы Қазақ елінің құқығы, билер сотының төрелігі, Майқы би заманынан бері қарайғы дала заңдарының мемлекеттік билікті дамытудағы маңызын, сабақтастығын талдау, мемлекет басқарудағы хандар мен сұлтандардың рөлі, билердің адвокаттық, прокурорлық міндеттері мен тергеу әрекеттерін жүргізуі, билердің заң шығару құқығы, билердің сот төрелігін жүргізудегі әділдігі және тәуелсіздігі, қазақ билер сотының бітімгерлік рөлі жайындағы тақырыптар кеңінен зерделенуде. Билер шығарған заң-ережелер мен үкім-шешімдердің қазіргі еліміздің Конституциясынан, қылмыстық, азаматтық кодекстерден, өзге де заңдардан көрініс табуы, қазақ билері жүргізген әділ сот тәжірибесіне сүйене отырып, қазіргі сот жүйесін жетілдірудің өзекті

мәселелері сарапталуда. Осының өзі де қазақ тарихындағы билер — әділ сотының деңгейінің биік болғандығын, әділдік және адалдық жолындағы маңыздылығын көз алдымызға елестетеді.

Қорытындылай айтқанда, алқалы жиында билер сотының әділдік қағидасы — тәуелсіз еліміздің сот жүйесіндегі реформалық кезеңдер мен оның әлемдік стандартқа сай дамуы, көшпелі қазақ қоғамындағы дәстүрлі құқықтық мәдениет. Қазақстанда құқықтық және зайырлы демократиялық мемлекетті дамыту жолында сот жүйесінің рөлі орасан зор.

Бүгінгі күні Қазақстан судьялары заң үстемдігін қамтамасыз етіп, әділеттік жолында адал еңбек жасап адамның құқығы мен бостандығын қорғап, қазақ қоғамының билер сотының билік айтудың озық үлгісін жалғастыруда.

Дау тудырмайтын билер даналығының тәжірибесі және аса қымбат рухани құндылықтары, бүгінгі таңда тәуелсіз еліміз бен халқымыздың тыныштығы мен ынтымақ бірлігіне жәрдемі молынан тиетініне және қолғабыс боларлық үлгілерінің көптігіне зер салынып жатқаны, өміршеңдігі болашақ сот жүйесіндегі әріптестерімізге тағылым және үлгі.

Қазір тәуелсіз биліктің жеке тармағына айналған сот билігі еліміз бағдар ұстаған құқықтық қоғам орнатуда үлкен рөл атқаратыны анық [9].

Қазақ қоғамының рухани байлығымен бірге ұлтымыздың абыройын биік жоғары деңгейге көтерген, өркениет биігінің шыңына шығарған, интеллектуалдық, зиялылық, ақыл-парасаттылықтың алтын қазынасы бола білген құқықтық өмірді жүзеге асырған билер даналығы жөніндегі тәжірибелер ескерусіз қалмай, ұдайы болашақ ұрпаққа кешенді түрде жеткізіп отыру — біздің парызымыз.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Назарбаев Н.А. Пять лет независимости / Н.А. Назарбаев. — Алматы: Қазақстан, 1996. — С. 153.
- 2 Зиманов С.З. Қазақтың билер соты – бірегей сот жүйесі / С.З. Зиманов. — Алматы: Атамұра, 2008.
- 3 Артықбаев Ж.О. «Жеті жарғы» — мемлекет және құқық ескерткіші / Ж.О. Артықбаев. — Алматы: Жеті жарғы, 2012. — 192 б.
- 4 Сейфуллин С. Шығармалар / С. Сейфуллин. — VI-т. — Алматы: Жазушы, 1994. — 265 б.
- 5 Ауезов М. Жизнь и творчество Абая Кунанбаева: сб. / М. Ауезов. — Алматы: Ғылым, 1954. — 345 с.
- 6 Есламғалиұлы М. Әйтеке би / М. Есламғалиұлы. — Алматы: Жеті жарғы, 1988. — 91 б.
- 7 Төреқұлов Н. Қазақтың би-шешендері / Н. Төреқұлов. — Алматы: Жалын, 1994. — 367 б.
- 8 Абиль Е.А. История государства и права Республики Казахстан с древнейших времен до начала XX века / Е.А. Абиль. — Астана: ИКФ «Фолиант», 2000. — 258 с.
- 9 Ахметов М.М. Билер соты — бүгінгі судьялар үшін билік айтудың озық үлгісі / М.М. Ахметов. [Электронды ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <http://alashinform.kz>. 2017.

Г.С. Рысжанова, Г.З. Қожахметов

Суд казахских биев — начало современной судебной системы

В статье, наряду с отражением того огромного труда, который вложили наши предки в духовное обогащение и достижение совершенства сегодняшнего поколения, проанализированы исследования известных, авторитетных личностей, внесших значительный вклад в формирование казахского общества, в его развитие и процветание, а также в развитие своего направления в науке. Совершенно очевидно, что в истории казахского государства как особое явление отмечается система биев в деле руководства страной, в вопросах культуры. Издавна сформировавшаяся, эта система в Великой степи достигла высокого уровня. Система биев в качестве явления, синтезировавшего различные знания, оказала огромное влияние на формирование народа, его мировоззрения, бытия, его социализации, на рост культуры. В сознании людей остались великие слова наших предков: «У прямого, честного бия нет родичей, у бия с родичами нет святости», «Если у хана ум сорока человек, то у бия совесть сорока человек». В казахском обществе считалось обязательным условием выполнение внутри страны среди племен справедливых решений известных своей честностью прямых биев, придерживавшихся таких определенных благородных установлений, как «точно посередине разрубавших тонкий волос», т.е. справедливо. Важно особо подчеркнуть национальные интересы в ораторском искусстве биев. На пути развития нации в качестве «Мәңгілік Ел» большую роль играют справедливое судейство, справедливые решения наших верховных биев.

Ключевые слова: би, верховный би, оратор, золотой век, семь уложений, законы степи, суд биев, правило, решение.

G.S.Ryszhanova, G.Z.Kozhakhmetov

The Kazakh Biy court – the fundamentals of contemporary court system

The article deals with the spiritual enrichment and perfection of the present generation of our ancestors, analyzes the study of famous personalities who have made a significant contribution to the the Kazakh society formation, its development and prosperity, as well as its economic trajectory. It is obvious that in the history of the Kazakh state as a special phenomenon the system of bjis in the leadership of the country, its culture. It has long been formed this system in the great steppe has reached a high level. The system of bjis as a phenomenon that synthesized various knowledge had a huge impact on the community formation, its worldview, existence, its socialization, cultural development. Also in consciousness of people there were great words of our ancestors: «An honest bji has no relatives, bji with relatives has no holiness» , «If the Khan as witty as forty bright people, bji has conscience of forty people». In Kazakh society, it was considered a prerequisite for the implementation of domestic «among the tribes bjis made fair decisions that is proper for noble ones, such as» be as honest as the day is long» . It is important to emphasize the national interest in public speaking skills of bjis on the way of development of the nation as «Mangilik El» is a greater role played by a fair judgment, a fair decision of our Supreme judges.

Keywords: bi, the supreme bji, an orator, the golden age, «Zheti zharhy», the laws of the steppe, the court of bjis, rule, decision.

References

- 1 Nazarbaev, N.A. (1996). *Piat let nezavisimosti [Five years of independence]*. Almaty: Kazakhstan [in Russian].
- 2 Zimanov, S.Z. (2008). *Kazakhtyn biler soty – birehei sot zhuiesi [The court of kazhak biys – unified judicial system]*. Almaty: Atamura [in Kazakh].
- 3 Artyqbaev, J.O. (2012). «Zheti zharhy» — *memleket zhane kutyk eskertkishi [Seven packs country and legal monument]*. Almaty: Zheti zharhy [in Kazakh].
- 4 Seifyllin, S. (1994). *Shyharmalar [Compositions]*. (Vols. 1-4, Vol. 4). Almaty: Zhazushy [in Kazakh].
- 5 Auezov, M. (1954). *Zhizn i tvorchestvo Abaia Kunanbaeva [Life and work of Abai Kunanbaev]*. Almaty: Hylm [in Russian].
- 6 Eslamgaliuly, M. (1988). *Aiteke bi [Eiteke bi]*. Almaty: Zheti zharhy [in Kazakh].
- 7 Torequlov, N. (1994). *Qazaqtyn bi-sheshenderi [Kazakh biy-speakers]*. Almaty: Zhalyn [in Kazakh].
- 8 Abil, E.A. (2000). *Istoriia gosudarstva i prava Respubliki Kazakhstan s drevneishikh vremen do natchala XX veka [The history of the state and law of the Republic of Kazakhstan from ancient times to the beginning of the XXth century]*. Astana: IKF «Foliant» [in Russian].
- 9 Akhmetov, M.M. (2017). *Biler soty — buhinhi sudialar ushin bilik aitudyn ozyk ulhisi [The court of biys — the best example of speaking power for today's judges]*. Retrieved from <http://alashinform.kz> [in Kazakh].